

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Көкшетау – кербез ажарым,
Ұлытау – ата ұраным.
Алтайым – алтын базарым,
Каспиім – мұнай бұлағым,- [2, 67 б.]

деп әрбір қала мен өңірдің бейнесін жырлайды. Одан соң жер жәннаты Жетісуды, қара алтынның өңірі – Қарағандыны, рухани қаламыз – Түркістан мен болаттың бұлағы Теміртау мен егемен елдің ордасы – Астананы жырға қосады.

Егемен туы үр жаңа,
Бір көрсен жаның кенелер.
Осының бәрі бір ғана,
Қазақстан деген ел [2, 67 б.].

Ақын өлеңдерінде Қазақстан – тамырда тулап аққан қаны, ыстық жалыны мен сөзіндегі аңқылдаған ақ көңілі.

Ақын К.Салықов шығармалары ұлттық әдеби құбылыстарға толы болды, сонымен қатар сөз қадірін түсінер оқырманның көңілінен шықты және бүгінге дейін сол биік деңгейін жоғалтқан жоқ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Тілеубаев С. Абыз аға, ақын аға: белгілі ақын К.Салықов туралы // «Арқа ажары» газеті, №9, 20-қаңтар, 2007, 1-8 бб.
2. Салықов К «Күзгі сарын». – Астана: Елорда, 2005 ж. – 211 б.
3. Салықов К. «Мәңгі шуақ. – Алматы: Жазушы, 1979 ж. 223 б.
4. Салықов К. «Жезкиік». – Алматы: Атамұра, 2003. 210 б.

А.ЙГҮНЕКИДІҢ «АҚИҚАТ СЫЙЫ» ДАСТАНЫ: ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІМЕН ОРТАҚ ЛЕКСИКАСЫ.

Сатбай Жайнар Избасарқызы

zhaina_9514@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті, Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының

3-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор Г.Сағидолда

Қазақ әдеби тілі – көркем әдебиет пен бұқаралық ақпарат құралдарында, ғылым салалары мен іс қағаздарында қолданылатын жалпыхалықтық тілдің нормаға түскен нұсқасы болып табылады. «Қазақ әдеби тілі тарихы» атты 1968 жылғы оқулық авторлары «Әдеби тіл дегеніміз- жазба әдебиет арқылы жүйелі қалыпқа түскен, стильдік тармақтары бар, қоғамдық қызметі әр алуан тіл» деген анықтама береді де, тілдің әдеби болуы үшін төмендегі белгілердің болуын міндетті деп санайды:

- 1.Әдеби тіл, ең алдымен, жазба тіл болуы керек, ол жазу арқылы ғана қалыптасады;
- 2.Әдеби тіл нормаланған болуы керек;
- 3.Әдеби тілдің стильдік тармақтары болуы керек;
- 4.«Әдеби тіл - қоғамдық қызметі ерекше тіл» [1, 5].

Қазақ әдеби тілінің қалыптасуы туралы әртүрлі пікірлер бар. Ғалымдардың бір жартысы, әдеби тілдің тарихы көне дәуірден, яғни Орхон-Енисей көне түркі жазбаларынан басталады десе, бір жартысы XIX ғасырдың екінші жартысынан, яғни Абай дәуірінен басталады дейді. М.Балақаев өзінің «Қазақ әдеби тілі» атты еңбегінде: «Формирование казахского литературного языка связано с появлением письменности» дейді [2, 14].

Менің ойымша, қазақ әдеби тілінің тарихын зерттеуде ескерткіштердің атқаратын қызметі зор. Соның ішінде XI-XIV ғғ. ескерткіштерінің түркі тілдерінің тарихындағы алатын

орны аса маңызды. Ескерткіштер кітаби дәстүрдің кең таралуына түрткі болып, түркі тілдерінің өзара әсерлесуін туғызып, ауызекі тілдің жазба тілге ықпалын айқындауда баға жетпес рөл атқарады. Әсіресе түркі тілдеріндегі қыпшақтық, қарлұқтық, оғыздық белгілерді айыра тануда ескерткіштерді, ескерткіштер тілінен алынған фактіні пайдалану қажеттілігі үнемі туындайды. Кез келген тарихи тілдік талдаудың ескерткіштер тілімен байланысып жатуы, хронологиялық шектің сақталуы, сабақтастықтың жүйелі ұшырасуын іздеу осы қажеттіліктің тікелей салдары екені сөзсіз. Өйткені кез келген ескерткіштен алынған әлдебір кездейсоқ мысалмен тілдің тарихын жасау мүмкін емес. Сондықтан Орта Азия мен Дешті-и-Қыпшақты мекен еткен түркі халықтары үшін XI-XIV ғғ. жазба ескерткіштерді танып-білу ешқашан маңызын жоймайды. Бұл дәуірдің өте күрделі дәуір саналуының себебі аталмыш дәуір ескерткіштерінің аз зерттелуіне барып тіреледі және кітаби тіл мен оның кең өрістеуінің тарихи шарттылығымен байланысты. XI-XII ғасырлардан бізге жеткен жазба нұсқаларға Юсуф Баласағұнның «Құтадғу білік» (1069 ж.) дастаны, М.Қашқаридың «Дивану лұғат- ит түрк» (1072- 74 жж.) кітабымен, А. Иүгүнекидің «һибат- ул- хакайиық» еңбегі, А. Яссауидің шығармалары, құран тәпсірлері жатады [3, 66].

К.Ә.Әбенова «Қазақ тілі лексикасының XI-XII ғасырлардағы жазба әдеби ескерткішіне қатысы» атты кандидаттық диссертациянда Ж.Баласағұнның «Құтты білік», А.Иүгүнекидің «Ақиқат сыйы» дастандары материалдары бойынша бір буынды түбірлердің лексикалық мағыналарын дара, көп және мәнмәтіндік мағыналарға бөліп, аталған ескерткіштер мен қазақ тіліне ортақ бір буынды түбірлердің семантикалық ерекшеліктерін омонимдер мысалында салыстырады, олардың семантикалық өзгерістерін талдайды. [4].

Дастанда қазіргі қазақ тіліне жеткен 255 сөздің 193-інің 74,5 мағынасы сақталып, 61-нің 25,5 ғана мағынасы өзгерген. [5, 17].

Қарахан дәуірінің XII ғасырындағы ірі тарихи жазбалары болып есептелетін «Ақиқат сыйы» шығармасында жазылған орта ғасыр мен қазіргі қазақ әдеби тілдерінде ұқсастықтармен қатар өзгешеліктердің барлығын байқадық.

Төмендегі мысалдар «Әдеби жәдігерлер» атты кітапта белгілі филолог ғалымдар Ә.Құрышжанов пен Б.Сағындықовтардың дайындауларымен қазақ тілінде жарық көрген А.Иүгүнекидің «Ақиқат сыйы» еңбегінен алынған [6, 14].

Сөздер:	Дастандағы және қазіргі әдеби тіліміздегі мағынасы:
1. axi	Жомарт
2. 'adl	Әділеттілік
3. 'ajaq	Аяқ
4. ana	Ана
5. 'aql	Ақыл
6. ' arab	Араб
7. at	Ат, есім
8. atlas	Атлас
9. az	Аз
10. 'azab	Азап
11. azad	Азат
12. ädäb	Әдеп
13. ämr	Бұйрық
14. baycä	Бақша
15. bahalïy	Бағалы
16. bahasïz	Бағасыз
17. bajliq	Байлық
18. bar	Бар
19. baxt	Бақыт
20. bil	Біл
21. biligsiz	Білімсіз
22. birlïq	Бірлік

23. biz	Біз
24. bۆrk	Бөрік
25. bۆz	Бөз
26. burun	Бұрын
27. dinar	Динар
28. Dil	Жүрек
29. dost	Дос
30. dostluq	Достық
31. el	Ел
32. ertä	Ерте
33. ešit	Есіт (есту)
34. fil	Піл
35. gühär	Гауһар
36. gül	Гүл
37. härkim	Әркім
38. häzl	Әзіл
39. 'ibadät	Ғибадат ету (құлшылық ету)
40. islam	Ислам
41. izdä	Ізде (іздеу)
42. jad	Жад
43. jaxšï	Жақсы
44. jel	Жел
45. jemišsiz	Жеміссіз
46. ju	Жу (жуу)
47. jumšaq	Жұмсақ
48. kečä	Кеш
49. kečür	Кешір
50. kejim	Киім
51. keñ	Кең
52. keräk	Керек
53. keräksiz	Керексіз
54. kes	Кес (кесу)
55. kir	Кір
56. kišilik	Кісілік
57. kitab	Кітап
58. körk	Көрік
55. körksüz	Көріксіз
56. kül	Күл (күлу)
57. ma'nï	Мәні
58. mäkan	Мекен
59. meñ	Мең
60. mizah	Мазак
61. mürad	Мұрат
62. namaz	Намаз
63. ölüg	Өлік
64. 'ömür	Өмір
65. 'ömürlüg	Өмірлік
66. qadr	Қадір
67. qaza	Қаза
68. qïlïq	Қылық
69. qol	Қол
70. quč	Құш (құшақтау)
71. qulaq tut	Құлақ тұту (тыңдау)
72. qutsiz	Құтсыз
73. san I	Сан
74. san II	Сан (адам аяғының тізесіне дейін бөлігі)
75. sana	Сана

76. sančil	Шаншылу
77. sat	Сату
78. sälam	Сәлем
79. säpäť	Себет
80. sijasät	Саясат
81. sir	Сыр (құпия)
82. siyış	Сыйысу
83. soñ	Соңы
84. söküř	Сөгіс
85. söñük	Сүйек
86. söz	Сөз
87. řah	Шах
88. řarab	Шарап
89. řifa '	Шипа (ем)
90. tabi' at	Табиғат
91. tamay	Тамай
92. tañ	Таң
93. tat	Тату (дәмін көру)
94. täkäbbür	Тәкаппар
95. teñ	Тең
96. tikän	Тікен
97. til	Тіл
98. toqluq	Тоқтық
99. tur	Тұру
100.tükäl	Түгел
101.tut	Ұстау

Қорыта айтқанда, XI-XV ғасырлар аралығында халық арасында кең тараған жазба әдебиет үлгілерін жалпыға ортақ көне түркі әдеби тілінде жазылған деп есептесек, қателеспейміз. Мәселе, бір әдеби дәстүрдің бір әдеби тілдің әр түрлі аймақта, әр түрлі кезеңде сан алуан рең алып, өз ерекшеліктерімен көрінуінде.

Әр ескерткіштің тіліндегі бүкіл түркі тілдеріне ортақ фактілерді ажыратумен қатар тайпалық ерекшеліктерді анықтау - болашақтың міндеті. Осындай зерделі зерттеулер жүргізілгенде ғана қазіргі түркі тілдернің көне түркі жазба ескерткіштерімен сабақтастығы ашылып айқындала түседі. Бұл мәселе, кезек күттірмейтін мәселелердің қатарында.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Балақаев М.Б., Сыздықова Р.Ғ., Жанпейісов Е. Қазақ әдеби тіл тарихы. -Алматы, 1968.
2. Балақаев М.Б. Қазақ әдеби тілі.- Алматы, 1987.
3. Момынова Б. Қазақ әдеби тілінің тарихы: Оқу құралы. – Алматы: «Арыс баспасы-2001», 2006.
4. Әбенова К.Ә. «Қазақ тілі лексикасының XI-XII ғасырлардағы жазба әдеби ескерткішіне қатысы»(филол.ғ.к.дисс.қолжазбасы.) -Алматы,1994.
5. Нұрмағамбетов Ә. Тіл мен тарих шендескенде // Білім және еңбек.
6. .Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. Т.6.; Қожа Ахмет Иассауи. Даналық кітабы. Ахмет Йүгнеки. Ақиқат сыйы/ құраст.:А.Әлібекұлы, С.Дәуітұлы, Б.Сағындықұлы. –А.